Түркістан облысы
Шардара ауданы
Шардара қаласы



«Бекітемін»
«Шардара» мектеп- лицей директоры: Л.О.Құлмаханбет

Тақырыбы:
«Қауіпсіз балалық шақ»
«Қыз тәрбиесі -ұлт тәрбиесі»

Алдын –алу,ағарту жұмысы

Педагог – психолог: Жумабаева Ф.З

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ! Көңілімнен өмірдің оты өшпесін!

« Шалқытып шаңырағын тамашаның
Бақытын отбасының жар ашады
Тірліктің түп мәні ұрпақ деген
Аруға ана болу жарасады!»

«Қыз» қасиетті сөз.

Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Қыз абыройы – болашақ отбасының, босағаның беріктігіне қатысты мәселе. Ата-бабамыз «Қыздың жолы жіңішке» деп, оның абыройын сақтауын қатаң қадағалап отырған. Қыз баланың абыройы оның ақыл-парасатына, инабаттылығына, махаббатты жоғары бағалауына байланысты. Ал әке-шеше, туған-туысқан, бауыр өз қыздарының абыройлы болуына ерекше мән беріп, қадағалайды, әсіресе қыз тәрбиесіне анасы жауапты. Қыздың намысы мен ары, адамгершілігі оның оқуға, қоғамдық пайдалы істерге, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымға қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз балаға ата-анасын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз. Қыз баланың бойына сыпайылық, мейірбандық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дарытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Қазақ қызы туралы елімізге белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева «Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек» деп пікір айтқан екен. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Меніңше, қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Өйткені қазақ халқы алдымен ар-ұятты, намысты қашанда басты орынға қоя білген. Иә, ұлтымыздың ар-ожданы, келбеті болып саналатын қыз балалардың орны қашанда жоғары. Өкінішке қарай, бүгінде «Қызға қырық үйден тыйым» деген сан ғасырлардан мирас болып келген тамаша тәрбие тетігі істен шығып қалғандай әсер бар. Қазіргі таңда қоғамда кейбір тәнін жалаңаштаған ұятсыз сылқымдардың, ардан безген «түнгі көбелектердің», өз баласын оп-оңай өлімге қиған безбүйрек бикештердің кесірінен бүтін «Қазақ қызы» деген ғажап атқа дақ түсіп тұрғаны қынжылтады-ақ. Одан қала берді, күнделікті әлеуметтік желілерде жарыса жазатын қазақ қыздарының шетелдік азаматқа тұрмысқа шығуы үлкен проблемалы мәселеге айналып отырғаны да жасырын емес. Расында, бұл дабыл қағатын ұлттық мәселе. Қазақ отбасында әрдайым «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып, өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген ғой. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі таңда әсіресе қазақ қыздары үшін ауадай қажет. «Қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Қыздың бойындағы ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойына сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемеу, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс-аяқты сылдырлатпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді, тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, киім киісіне, дауыс ырғағына дейін мән берілген.

Scanned with CamScanner

Ал қазір ше Қазіргі қоғамда ата-ана қаншалықты үйдегі қыз баланың тәрбиесіне көңіл бөледі Қыз баласын еркелетіп өсіру керек деп, бетін қақпай тым шолжаң қылып жіберген отбасылар да бар. Мұны да кеш болмай тұрып ақылға салып ойланғанымыз жөн. Әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстаздарын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз. Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қазіргі заманғы қыздардың бойынан ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері де табылуға тиіс. Дана халқымыз «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» десе, данышпан Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен. «Қыз өссе – елдің көркі», дегендей елдің сәні, көркі қыздардың шырайланатыны шындық. Халқымыздың қыз балаға деген құрметі ежелден ерекше болған. «Қызды төрге отырғыз, төреңдей күт» дейтін халық қыздарын бақыт құсына балап, әлпештеп, аялаған. Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын. Қыз баланың әдептілігі сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әртүрлі жағдайда өзін-өзі ұстай білуінен, жолдас-жораларымен және жай былайша адамдармен арақатынасынан, жалпы барлық жүріс-тұрысынан көрініп тұрады. Қыз баланың әдепсіздігі оның бақытты болуына, өсіп өнуіне үлкен нұқсан келтіреді. Қыз баланың шашын қырқуы, кісінің бетіне тіке қарау, ер адамның алдын бұлаңдап кесіп өтуі, қыдырымпаз, сауықшыл болуы үлкен мін болып саналады. Сондықтан «қызға қырық үйден тыйым» деп, қыздарға қырағы қарайды. Қызды жанының нәзік сезімталдығы, үй тірлігіне жақындығы, ертеңгі ана болу ерекшелігі тәрбиеде ұл балаға қарағанда біраз өзгеше қарым-қатынасты қажет ететіні анық. Сондықтан қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайды. Қыз баланың тым әлем-жәлем киініп, көзге түсуге тырысуы, орынсыз боянып-сылануы ерсі. Сонымен қатар өзінің сырт пішініне, киім сәніне немқұрайлы, салғырт қарауы да келіспейді. Бұл оның тәрбиесінің жетімсіздігі, төмендігі. Қазақтың батыл қыздары, ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиеледі. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде сол әдетін сақтайды.Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде де сол әдетін сақтайды. Қорыта келгенде, қыз баланың тәрбиесін үлкен жауапкершілікке алуымыз керек. Демек болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі отбасына үлкен міндет. Сонымен қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер. Алдымызда өз ұлтының намысын бәрінен жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулу, тәрбиелеу міндеті тұр. Қыздың ары,ұяты бар қазақтың қыздарының құндылығы!

«Шардара» мектеп-лицейінің педагог-психологы: Жумабаева Феруза Зулыпхаровна

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде 9 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Д» сынып оқушыларымен «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ! » атты тақырыбында өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 05.11.2025ж
Қатысқан оқушы саны:
Қатысқан мамандар:
Мектеп-лицей директоры – Л.Ө.Құлмаханбет;
Шардара АПБ ЖПҚ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны- Д.Б.Танабай;
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова;
Педагог-психолог- Ф.З.Жумабаева
Сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. «Құқық бұзушылықтың алдын алу»
2. «Буллингктен қорған» туралы

1. «Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өтті. Әр оқушы мектеп ережесін сақтау міндетті екенін айтты. Сонымен қатар ата-аналарына құрметпен қарап, олардың үмітін ақтаулары керек екендігіне де тоқталып өтті. Бүгінгі жас ұрпақ, ертеңгі еліміздің жарқын болашағы дей келіп, оқушыларды білімді, тәрбиелі болуға шақырды.
2. Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны Данияр Бауыржанұлы күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталды. Құқық бұзушылықтын алдын алу бойынша өз сөзінде түсіндірме жұмыстарын жасады. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Буллингтен қорған» тақырыбына тоқталды. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыра отырып, қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу, оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату, заң және тәртіп құндылықтары туралы айтып өтті. Оқушылар арасында кездесетін буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық алдын алу. Оқушылар арасында кездесетін буллингтің, не екенін және оның қандай түрлері бар екенін, айырмашылықтарын түсіндірді. Буллингке ұшыраған жағдайда оны жасырмай ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе мектеп психолгына келіп айтуларын айтып өтті.

3. **Шардара АПБ ҚҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Қойшыбаев Наурыз Өзбекәліұлы.** Құқықбұзушылық заңды жауапкершілікке алып келетін құқыққа қарсы әрекет. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі кезде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру арқылы оларды

Scanned with CamScanner

дұрыс жолмен жүруді үйретеміз. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды деді.

4. **Шадара АПБ жедел уәкілі полиция капитаны Ибрагим Дулат Маратұлы.** Өзін оқушыларға таныстырып өтіп, оқушыларды құқықбұзушылыққа жол бермеуге шақырды. Адам өміріне қауіп төндіретін зиянды заттарға тоқталып, айтып өтті. Мәселен наркотиктің, спиртті ішімдік, темекінің т.б адам денсаулығына әкелетін зиянын айтып өтті. Кешкі сағат 10^{00} –ден кейін көшеде, ойын сауық мекемелерінде, жалпы түнгі мезгілде жүруге тиым салынатындығын, кәмелет жасқа толмағандардың, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға көлік басқаруға қатаң тыйым салынғандығын айтып өтті.

5. **Ф.З.Жумабаева –педагог-психолог**. «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жау» деп Әл-Фараби атамыз айтқандай ең бірінші адамға саналы тәрбие керек деді. Тәрбиенің бастауы отбасыдан басталатынын айта келіп, ата-аналарына, ұстаздарға, құрбы құрдастарына құрметпен қарауларын айтты.

Сонымен қатар буллинг тақырыбына тоқталды. Буллинг – адамның ар-намысына, психикалық жай-күйіне зиян келтіретін қудалау, қысым көрсету, келемеждеу әрекеттері. Бұл құбылыстың алдын алу үшін әрбір адам оның қауіпін түсініп, оған қарсы тұруға дайын болуы қажет. Сонымен қатар оқушылар буллингке ұшыраған достарына қандай көмек көрсету керек екені де айтып өтті. Егер жоғары сынып оқушылары өздерінен кішкентай балаларға әлімжеттік көрсетсе, тиісті шара қаралатынын да айтты. Балаларға осы тақырыпқа байланысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұжырымды жауап алды.

3.Сұрақ-жауаптар:

1. Құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады?
2. Буллингтің салдары қандай? Не істеу керек?

1. Н.Ержанұлы – 9 «Б» сынып оқушысы. Көп жағдайда буллингке ұшыраған адамдар өз-өзіне сенімсіз болып, күйзеліске ұшырайды, тіпті өмірден түңілуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайды елемей, үнсіз қалуға болмайды.

2. А.Серікбай– 9 «А» сынып оқушысы. Буллингке тап болған немесе куә болған жағдайда оны жасырып қалмаңыз. Бұл туралы ата-анаңызға, мұғалімдерге немесе сенім телефонына хабарласып, көмек сұрау керек.

3. Р.Ділдабек– 9 «Д» сынып оқушысы. Кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады

Қаулы етеді:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі атқарылсын;
2. Буллинг немесе кибербуллинг фактісі анықталған жағдайда жедел әрекет ету алгоритмі бекітілсін

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

ДТГЖЖО: Г.Т.Ахатова

Scanned with CamScanner